



«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік орталық  
музейінің директоры

Р.Харипова

2022 ж.

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің  
фойесі мен галереясына ғылыми негіздемесі бар жоба мен эскизін  
дайындауға арналған сәулетшілер мен дизайнерлердің  
Республикалық байқауын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы мәлімет**

1.1. Осы ереже Алматы қаласы, Самал-1 ықшам ауданы, 44-үй мекен-жайында орналасқан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің фойесі мен галереясына ғылыми негіздемесі бар сәулет және дизайнерлік тұжырымдамасын (бұдан әрі – Байқау, Тұжырымдама) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың мақсаты – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің фойесі мен галереясына жасалған үздік концепция мен эскизді анықтау.

1.3. Байқаудың негізі: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің фойесі мен айналмалы галереясына арналған ең үздік сәулеттік-жобалық шешімді анықтау.

1.4. Байқауға тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі РМҚК.

1.5. Байқауды ұйымдастырушы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті мен «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі» РМҚК.

1.6. Байқауға қатысуға жеке және заңды тұлғалар, жобалық ұжымдар, сәулет шеберханалары мен кәсіпорындар, сондай-ақ кәсіби сәулетшілер мен уақытша шығармашылық ұжымдар шақырылады.

1.7. Байқау ашық түрде өткізіледі.

1.8. Байқаудың өткізілетін мерзімдері:

Жобаны ұсыну – 01.11.2022 жылдан 01.12.2022 жылға дейін;

Қазылар алқасының жұмысы – 01- 03.12.2022 жыл аралығы;

Жеңімпаздарды марапаттау – 05.12.2022.

**2. Байқаудың бағдарламасы**

2.1. Осы Байқау аясындағы конкурстық жоба музейдің фойесі мен галереясының концепциясын ұсыну бойынша үздік жобалық ұсыныс ретінде қабылданады.

2.2. Байқау жеңімпазын анықтауды қазылар алқасының мүшелері конкурстық жобаларды ғылыми негіздемемен, осы Ережеде көрсетілген талаптармен салыстыру арқылы жүзеге асырады.

**3. Байқау туралы хабарландыру**

3.1. Байқау туралы хабарландыру әлеуметтік желілерде және Байқауды ұйымдастырушының ресми сайтында «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде мына мекен-жай бойынша жарияланған: <https://csmrk.kz/index.php/kz/>

3.2. Байқауды ұйымдастырушы түпнұсқа құжаттамалардың құрамын өзгертуге құқылы, бұл туралы Байқауға қатысуға берілген өтінімде көрсетілген Байқаудың барлық

қатысушыларының электрондық пошталарына хабарлама жібереді және 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмеуі қажет.

3.3. Байқауды ұйымдастырушы байқауға жобаларды ұсыну мерзімін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлап, ұзартуға құқылы.

3.5. Түпнұсқа құжаттамаға өзгерістер енгізу туралы хабарлама тиісті шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Байқауды ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылады.

#### **4. Байқау қатысушыларын тіркеу**

4.1. Байқауға қатысуға ниет білдірген заңды және жеке тұлғалар Байқауды ұйымдастырушыға осы Ережедегі №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Байқауға қатысуға өтінім береді (бұдан әрі – Байқауға қатысушылар, өтінім).

4.2. Өтінім [konkurs-muzei@mail.ru](mailto:konkurs-muzei@mail.ru) электронды поштаға жолданады.

#### **5. Байқаудың ережелері**

5.1. Өтінімдерді қабылдау Байқау жарияланған күннен басталады.

5.2. 2022 жылдың 20 қарашасынан кешіктірмей берілген өтінімдер Байқауға қатысуға құқылы.

5.2.1. Байқауға 2022 жылдың 20 қарашасы сағат 17.00-ден кешіктірмей [konkurs-muzei@mail.ru](mailto:konkurs-muzei@mail.ru) электрондық мекен жайына толық жіберілген Байқау жобалары қабылданады.

5.2.2. Байқауға қатысушылар 01.11.2022 жылдан 01.12.2022 жылға дейін осы Ереженің 1.8. тармағының талаптарына сәйкес материалдарды ұсынады.

5.3. Байқауды ұйымдастырушы байқау жобаларын Музей сайтында орналастырады.

#### **5.4. Байқау 2 кезең бойынша өтеді:**

5.4.1. Бірінші кезең: қазылар алқасы ұсынылған жобаларды жабық түрде қарайды және Байқаудың алдын ала 6 (алты) жеңімпазын таңдайды (01.12.2022 - 03.12.2022).

5.4.2. Екінші кезең: бірінші кезеңнің финалистері өз жұмыстарын қорғайды, содан кейін қазылар алқасы жабық түрде жүлделі орындарды анықтайды (05.12.2022).

5.5. Байқау жеңімпаздарын марапаттау (05.12.2022).

#### **6. Байқау материалдарын ұсырудың құрамы мен тәртібі**

6.1. Байқауға қатысушылар жобаны Байқауды ұйымдастырушыға осы Қағидалардың 5.2.1-тармағында көрсетілген мерзімдерде ұсынады.

6.2 Байқау жобалары бірінші кезеңде – электронды түрде Байқауды ұйымдастырушының [konkurs-muzei@mail.ru](mailto:konkurs-muzei@mail.ru) мекенжайына, екінші кезеңде – баспа түрінде ұсынылады.

6.3. Осы Ереженің 5.2.1 тармағында көрсетілген мерзімнен кеш түскен байқау жобалары қарастырылмайды.

6.4. Байқау жобаларын қабылдау кезінде Байқау ұйымдастырушы Байқауға қатысушыны жеке нөмірін көрсете отырып тіркеп, берілген күнін көрсетеді, сондай-ақ материалдардың графикалық безендірілуі бойынша Байқау шарттарына сәйкестігін қадағалайды. Байқауға қатысушының жеке нөмірінің болуы, Байқауға қатысушыға қатысты деректер, жобалау немесе басқа ұйымдардың атауының болуын.

#### **7. Байқау жобаларының құрамына қойылатын техникалық талаптар мен оны ұсыну форматы**

7.1. Бірінші кезеңге қатысуға ұсынылатын байқау жобасы нақты көлемде 300dpi рұқсатымен JPEG форматында өлшемі 1000X1400 бірыңғай үлгідегі бір планшетте электрондық түрде ұсынады. Осы Ереженің талаптарына жауап бермейтін жобалар қаралмайды.

7.2. Екінші кезеңге өткен алты конкурстық жобаның графикалық материалдары тіркеу кезінде оған берілген қатысушының № көрсетіле отырып басылған түрде (қағазға шығарылған) болуы тиіс.

## **8. Қазылар алқасы**

8.1. Байқау жобаларын бағалау үшін байқауды ұйымдастырушы құрамында 5 (бес) адамнан тұратын қазылар алқасын құрады. Қазылар алқасының соңғы құрамын конкурсты ұйымдастырушы бекітеді.

## **9. Байқау жобаларын бағалау критерийлері**

9.1. Жеңімпазды анықтау үшін байқау жобаларын бағалау мынадай критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- байқауға ұсынылған жобаның байқау ережесіне сәйкестігі;
- жобалық шешімдердің өзіндік ерекшелігі, бірегейлігі мен жаңалығы, сәулеттік бейненің мәнерлілігі;
- жобаланған нысанның қолданыстағы экспозициямен үйлесімділігі.

9.2. Жеңімпазды қазылар алқасы осы Ереженің 8.1. тармағына сәйкес анықтайды. Бірінші және екінші кезеңдерде ең көп ұпай жинаған қатысушы жеңімпаз болып саналады.

## **10. Жобаларды бағалау тәртібі**

10.1. Байқаудың бірінші сырттай кезеңінде жобаларды бағалау көрсетілген үш критерий бойынша қазылар алқасының әрбір мүшесі берген 1 – ден 10-ға дейінгі балл санына байланысты жүргізіледі.

10.2. Дауыс беруді қазылар алқасының әрбір мүшесі жасырын және дербес жүзеге асырады, қазылар алқасының әрбір мүшесінен алынған ұпайлар жинақталады.

10.3. Байқаудың бірінші сырттай кезеңінде жүлдеге үміткер алты жұмыс қазылар алқасының барлық мүшелерінің ең жоғары балл сомасы бойынша анықталады.

10.4. Байқаудың екінші кезеңінде алты жобаны бағалау қазылар алқасының әрбір мүшесі берген дауыстар санын қосу арқылы жүзеге асырылады.

10.5. Екі немесе одан да көп жоба үшін бір сыйлық беруге жол берілмейді.

## **11. Байқаудың нәтижелері**

11.1. Қорытындыларды шығару, бірінші, екінші және үшінші орындарды беру қазылар алқасының қорытынды отырысында жүргізіледі.

11.2. Қазылар алқасының байқау жобаларын бағалау, жеңімпазды анықтау туралы шешімі (байқау нәтижелері: байқау жобаларын бағалау және салыстыру, сондай-ақ байқау жеңімпаздарын анықтау) хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға қазылар алқасының төрағасы қол қояды.

## **12. Байқаудың жүлде қоры**

12.1. Сыйлықақы байқау қорытындысының нәтижесі бойынша төленеді.

12.2. Қазылар алқасының шешімі бойынша байқау жеңімпаздарына ақшалай сыйлықақылар мынадай мөлшерде төленеді:

- 1 орын-350 000 теңге;
- 2 орын-200 000 теңге;
- 3 орын-100 000 теңге;
- Ынталандыру 3 орын - 50 000 теңгеден.
- ✓ Байқаудың барлық қатысушыларына ҚР Мемлекеттік орталық музейінің атынан алғыс хаттар беріледі.

### **13. Сыйлық ақыларды төлеу тәртібі**

13.1. Байқаудың қорытындысы бойынша сыйлықақы алған қатынасушымен Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасы негізінде міндетті зейнетақы төлемдерін, әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасын және жеке табыс салығын ұстай отырып, қосымша азаматтық құқықтық сипаттағы шарт жасалатын болады.

13.2. Сыйақы тағайындалған байқауға қатысушыларға сыйақыларын тапсыру тәртібі мен орны туралы қосымша хабарланады.

### **14. Байқау құжаттамалары бойынша түсініктеме алу тәртібі мен мерзімі**

14.1. Қазылар алқасының мүшелері үміткерлер мен байқауға қатысушыларға кеңес беруге құқылы емес.

14.2. Байқауды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша түсіндірмелерді байқауды ұйымдастырушы тек [konkurs-muzei@mail.ru](mailto:konkurs-muzei@mail.ru) электронды пошта арқылы береді.

14.3. Байқауға қатысуға ниет білдірген үміткерлер байқау құжаттамаларының жекелеген ережелерін түсіндіру үшін байқау ұйымдастырушыға жүгінуге құқылы. Мұндай өтініш байқау өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап, бірақ байқау өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген байқау жобаларын ұсыну аяқталған күнге дейін 5 (бес) күннен кешіктірілмей жасалуы мүмкін.

14.4. Байқауға қатысушыға байқау құжаттамаларының жекелеген ережелерін түсіндіру туралы өтінішке жауапты байқауды ұйымдастырушы өтініш жасалған күннен кейінгі (үш) жұмыс күні ішінде өтініштің өзінде көрсетілген мекенжайғы электрондық түрде жібереді.

### **15. Жобаларды қайтару немесе жою шарттары**

15.1. Келіп түскен барлық байқау жобалары Мемлекеттік орталық музейінде қалады және қайтаруға жатпайды, сондай-ақ пайдаланылуы мүмкін.

15.2. Жүлделі орындарға ие болмаған байқау материалдары мен байқау жобалары Мемлекеттік орталық музейінің иелігінде қалады және пайдаланылуы мүмкін.

15.3. Байқауға Тапсырыс беруші байқауға қатысушылар ұсынған материалдарды ақпараттық мақсаттарда пайдалануға құқылы.

15.4. Келіп түскен барлық байқау жобалары бір жобаға біріктірілуі мүмкін.

### **16. Нәтижелерді қолдану**

16.1. Байқауға қатысушы-занды тұлға онымен еңбек қатынастарында тұратын байқау жоба авторларының байқауды ұйымдастырушыға байқау жобаларын пайдалануға айрықша құқықтардан туындайтын қандай да бір шағымдар мен талап қоя алмайды.

16.2. Байқауға қатысушыларға сыйлықақылар төленгеннен кейін байқау жобаларын пайдаланудың барлық құқықтары ұйымдастырушы - "ҚР Мемлекеттік орталық музейі" РМҚК өтеді, сондай-ақ аталмыш жобаларды басқа жобаларда пайдалануға тыйым салынады.

### **17. Өзгеде шарттар**

17.1. Байқауға қатысушы үміткер байқауға қатысушылардың қосымша келісімінсіз және оларға қандай да бір жеке қосымша сыйақы төлемей, олардың аты-жөні, ұйымның атауы және орналасқан жері жариялануы және пайдаланылуы мүмкін екендігімен келіседі.

17.2. Байқау жобаларын байқауға ұсыну байқауға қатысушының аталмыш жобаны экспозициялауға және "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіне орналастыруға берген келісімі болып табылады.

17.3. Байқауды өткізудің барлық кезеңдерінде ұйымдастырушы қатысушылардың толық анонимділігін қамтамасыз етеді.

17.4. Байқауға қатысу арқылы қатысушы осы Ережеде және байқау өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген ережелерімен танысқанын және толық келісетінін білдіреді.

**Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік орталық музейінің  
фойесі мен галлерейсына ғылыми  
негіздемесі бар жобаны дайындауға  
арналған сәулетшілер мен дизайнерлердің  
Республикалық байқауын өткізу туралы  
Ережесіне №1 қосымша**

**ӨТІНІМ**

Мені (ұйымды) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің фойесі мен галлерейсына ғылыми негіздемесі бар жобаны (эскиз) дайындауға арналған байқаудың қатысушысы ретінде тіркеуіңізді сұраймын.

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің

аты \_\_\_\_\_

(жеке қатысушы немесе шығармашылық ұжым басшысының, заңды тұлға өкілінің  
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі)

Заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_

Пошта мекен-жайы:

\_\_\_\_\_

Сайтының мекен-жайы (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Ұялы телефон \_\_\_\_\_

Электронды поштасының  
адресі \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_

ШТҚ \_\_\_\_\_

Шығармашылық топтың құрамы (өтінім бір топ адамға толтырылған жағдайда):

\_\_\_\_\_

Сондай-ақ, байқау ұйымдастырушысының менің дербес деректерімді пайдалануы мен өңдеуіне өз келісімімді беремін.

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022 ж.

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
(қолы) (қолтаңбаны декодтау)